

Ойыл ауданы, Көсембай негізгі мектебі
2021 – 2022 оқу жылындағы аға тәлімгердің «Мектеп / студенттік парламент»
білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске
асыру үшін атқарылған іс-шаралар жоспарының талдау жұмысы.

Білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес «Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын 2021 – 2022 оқу жылының іс шаралар жоспары құрылды.

2021-2022 оқу жылының өзін-өзі басқару ұйымының жүргізілген жұмыстары зерделеніп, сараптама жасалынды. Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді-мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс істеуде.

2021 – 2022 оқу жылында «Мектеп / студенттік парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту тұжырымдамасын іске асыру үшін атқарылатын іс шаралар өткізілді. Мақсаты: Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

Парламент міндеттері:

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.
9. Білім беру ұйымдарында Парламент қызметі өңір мен білім беру ұйымының ерекшелігін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

Оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының негізгі мақсаты – оқушылардың мектепті басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, өз бетімен шешім қабылдай алатын, жауапты және тәртіпті, дербес таңдау жасауға дайын, белсенді өмірлік ұстанымы қалыптасқан қабілетті көшбасшы тәрбиелеу болып табылады.

Ұйымдастырылатын шаралардың негізгі бағыттары спорт, әлеуметтік жұмыс, мәдени, жауапкершілікті арттыруға, тұтынушылық қатынас жоюға негізделген. Ұйым құрамындағы әрбір оқушы өз бағытының үздігі. Жұмыс жасау барысында біз оқушылардың мүдделерін қорғап, ойларын ескереміз. Мектеп өмірінің қызықты, әрі әсерлі өтуі өзін-өзі басқару ұйымының белсенді жұмыс жасауына тікелей байланыста. Бұл бағытта аянбай еңбектеніп, үнемі жаңашылдыққа ұмтылуымыз қажет!

- Мектеп оқушыларын біріңғай өзін-өзі басқара алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға болуға тәрбиелеу.
- Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, мектеп ережесінің талаптарын бұлжытпай орындауға үйрету.
- Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту. Жоспарға сәйкес іс-шаралар, ұйым мүшелерінің отырыстары, байқаулар, акциялар жүргізіліп отырылды. Атап айтқанда:

202 жылдың 11-қыркүйек күні мектептегі өзін-өзі басқару Президентін сайлау және әр жұмысқа жауапты, белсенді министр сайлауы өтті

Өзін – өзі басқару - Балалар мен жасөспірімдердің және үлкендердің жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыттаған, мүшелерінің қызығушылықтарын, құқықтарын қорғайтын, өз бетімен ерікті, қоғамдық бірлестік. Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, Білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет ғұрып, салт- санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін өзі басқарту арқылы қалыптастыру.

Өзін-өзі басқару ұйымының атқаратын жұмыстары:

- *Интеллектуалды сайыстар өткізу;*
- *Мереке күндерін өткізу;*
- *Мектепішілік газет-журналдар шығару;*
- *Іс-шараларға жауапкершілікпен қатынасу;*
- *Мектеп өміріне атсалыса қатысу*

Өзін-өзі басқару ұйымының қаулысы:

Әр министрлік жыл ішінде жүргізілетін және жүргізілген жұмыс түрлеріне есеп беріп отырады.

1. Ұйым үнпарағы ай сайын шығарылып, мектепішілік іс-шаралар талдануы керек.

2. Мектеп оқушыларының оқу үлгерімін жақсарту, күнделіктерінің уақытылы толтырылуын бақылау міндеттеліп, оны қатаң қадағалау **Білім министріне** жүктелсін.

3. Оқушылардың бой-бас тазалығы, оқу құралдары, сынып тазалығы, мектепке сай киім формасын үнемі бақылауда болуы **Денсаулық министріне** тапсырылсын.

4. Оқушылардың танымдық деңгейінің терең болуын қадағалап, соған орай мектепішілік іс-шаралар өткізу **Мәдениет министріне** тапсырылсын.

5. Мектеп оқушыларының бос уақытын тиімді пайдалану, денсаулықтарын нығайту, спорт үйірмелеріне оқушыларды тарту **Спорт министріне** тапсырылсын.

6. Оқушылар арасына келеңсіз жағдайларды болдырмау, сабаққа қатысу-қатыспауын қадағалап отыру, мектепшілік тәртіпті бақылау **Тәртіп министріне** тапсырылсын.

7. Біріңғай талап ережелері 5-8 сынып оқушыларының барлығына міндетті деп саналсын және оқушылар ұйымының осы талаптарды қадағалау **Мектеп президентіне және Мектеп президенті көмекшісіне** тапсырылды

Өзін-өзі басқару жұмысындағы құндылықтар:

- Адами ар – ождан, иманжүзді азамат қалыптасу
- Отбасындағы жауапкершілік
- Отан, туған өлкеге құрмет
- Денсаулық, салауатты өмір
- Еңбек, экономика
- Білім, ғылым, өнер
- Мәдени мұра, құқық, тарих, шежіре
- Тіл шеберлігі, рухани байлық
- Достық, жолдастық

Көсембай негізгі мектебінің 1 – 9 сынып оқушыларының қатысуымен оқушыларға бюллетень арқылы дауыс беру жұмыстары жүргізіліп, Нәтижесінде төмендегідей белсенділер тағайындалды:

Мектеп президенті – Қырықбай.Д

Білім министрлігіне – Нұрдаулетов.Ш

Спорт министрі – Сисенов.Б

Мәдениет министрі – Майданова.А

Табиғатты қорғау министрі – Қыдырбай.А

Еңбек министрі – Зейнолла.Ә

Тазалық және денсаулық министрі – Серікбай.Н

«Өзін – өзі басқару» ұйымы төмендегі фракциялар бойынша 2021 – 2022 оқу жылында жұмыстар жүргізді:

Фракция түрлері	Өткізілген жұмыстар саны
ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ ТӘРТІП ФРАКЦИЯСЫ	3
АҚПАРАТ ФРАКЦИЯСЫ (МЕКТЕПТІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ)	2
СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ ФРАКЦИЯСЫ	3
ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ ЖӘНЕ БАҚЫТ ФРАКЦИЯСЫ	6
ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ФРАКЦИЯСЫ	3
ДЕБАТ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ФРАКЦИЯСЫ	3
ЭКОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЕҢБЕК ФРАКЦИЯСЫ	11
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР (музыкалық, көркем шығармашылық) ФРАКЦИЯСЫ	4

Қыркүйек айында мектеп оқушылары парламенттің жобалау кеңсесін құрып, сайлау арқылы президент және фракция мүшелерін сайлады. Әр айға жобалық бағыттар бойынша жұмыстар қойылды. Әр сыныптарда да өзін-өзі басқару ұйымы сайланды. Өтілген жұмыстарға тоқталсақ.

«ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ бойынша ҚР «Білім туралы», «Мемлекеттік Жастар саясаты туралы» Заңдарын, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілері мен мектепшілік ережемен таныстырылды. «Құқық және заң» кездесу, «Құқықтық сауаттылық заман талабы» сұрақ-жауап, және «Денсаулық асыл қазына» тақырыбында жұмыстар өтілді.



Қазан айында «ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫСЫ» ЖОБАСЫ бойынша «Мектеп белсенділері», «Қарты бар үй- қазыналы» тақырыбында жарнамалар, «Менің ұстазым» тақырыбында жас блогерлер айдары жасалды. Мақсаты ауыл ақсақалдарын шақырып, дөңгелек үстел жасау. Мерекелік көңіл-күй қалыптастыру және ұлт болашағын тәрбиелеуші ұстаздарың мәртебесін жоғарылату.




Қараша айында «МЕН САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАЙМЫН!» ЖОБАСЫ бойынша «Таза мектеп – таза сынып» акциясы, «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» топтық жұмыс, «Интернетке тәуелділіктің алдын алу» сауалнама жұмыстары ұйымдастырылды. Мақсаты, оқушылардың басқарушылық қабілетін арттыру және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу.



Желтоқсан айында «СҮЙІСПЕНШІЛІК - ЖҮРЕКТЕН» ЖОБАСЫ «Тәуелсіздік тірегі-қайсар рухы қазақтың...», атты оқушылармен іс –шара, мақсаты Тәуелсіздіктің мәнағынасын түсіндіру. Патриоттық сезімін ояту және «Жаңа жыл» байқауы өтілді. Мақсаты, Жаңа жылдық мерекені сезіндіру, позитивтік әсер қалдыру.



Қаңтар айында «Еріктілер жобасы», «Аялы алақан» жобасы бойынша «Жомарт жүрек» акциясы, «Ақын болу міндет емес ,адам болу міндет», «Қайырымдылық - қайырлы іс» іс-шара жұмыстары жүргізілді. Мақсаты, интеллектуалдық ойындар арқылы бос уақытты тиімді пайдалануға септігін тигізу және Оқушыларды қайырымды іске үйрету



Ақпан айында «ҰШҚЫР ОЙ АЛАҢЫ» ЖОБАСЫ бойынша « Әлеуметтік желіні дұрыс пайдалана білейік» пікірталас жұмыстары ұйымдастырылды. Мақсаты, оқушылар арасында бәсекелестікке қабілетті жастарды қалыптастыру, әлеуметтік желіні дұрыс пайдалану



Наурыз айында «ЭКО START» ЖОБАСЫ «Ұлыс оң болсын», «Менің ағашым» мектеп алдын көгалдандыру акциясы және Алғыс айту мерекесіне арналған шара, амал мерекесі өтілді. Мақсаты, қазақтың салт-дәстүрлерін ұлықтау. Жаңашылдық енгізу және әрбір күннің ерекше қайталанбасын түсіндіру



Сәуір, айында «ӨНЕРЛІ ӨРЕН» ЖОБАСЫ бойынша «Денсаулық – зор байлық» оқушыларға адамның ең басты байлығы денсаулық екенін түсіндіру, және «Туған жерім жайлы сыр» (экскурсия жасау) оқушыларға туған жердің кереметтілігін көрсете отырып, оны аялау мен сақтауды түсіндіру мақсатында жұмыстар жүргізілді.



Мамыр айында «Жеңіс- күні», Ұлы Отан соғысындағы батырларды еске түсіру, оларға арналған іс- шаралар өткізілді және де оқу жылы «Сыңғырла, соңғы қоңырау» тақырыбында салтанатты жиынмен аяқталды. Жыл соңында белсенді фракция мүшелері марапатталды.




Қорытынды. Біздің мектептің өзін - өзі басқару ұйымы 2021 – 2022 оқу жылының 1 тоқсанының басынан бастап мектептің Парламенті жеткілікті үлкен қоғамдық-ұйымдастырушылық жұмыс атқарғанын атап өткім келеді. Өзін – өзі басқару күшейді және біз көптеген іс-шаралар өткіздік. Біздің парламент іс-шараларды өткізуде тәжірибе жинады; оларды жақсы ойластыруды үйренді; одан да біртұтас болды; басқалардың пікірін тындауды, оны бағалауды және тындауды үйренді". Біздің мектепте сыртқы келбеті бойынша рейдтер және оқушылардың сабаққа кешігуін, күнделіктерінің толтырылуы, кітаптардың тазалығы, тексеріліп жүрді. Сондай-ақ,

оқушылар арасында тәртіп бұзушылыққа жол бермеу мақсатында түрлі іс – шаралар мен пікір алмасу сабақтары өтті.

Өткізілген әр іс-шара бойынша фото есептер жасап, оларды уақытында тапсырылып, әлеуметтік желілерде жарияланып отырды.

Өзін - өзі басқару ұйымының бағдарламасы негізінде , сапалы білім, саналы тәрбиенің жан – жақты артуына оқушы, жастар ұйымының белсенділігі артуда. Ұйым белсенділерінің құқығы, міндеті, жауапкершілігі артты.

Тәлімгер:  Тәждауов С.Қ